

**"Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке қою және олардың кезегі" мемлекеттік қызмет көрсету регламентін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 19 ақпандағы N 09/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 20 наурызда N 2249 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 30 сәуірдегі N 31/01 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданы әкімдігінің 30.04.2013 N 31/01 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы "Әкімшілік рәсімдер туралы" Заңының 9-1 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі № 745 "Жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізілімін бекіту туралы" қаулысына сәйкес, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында, Жаңаарқа ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген "Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке қою және олардың кезегі" мемлекеттік қызмет көрсету регламенті бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Жаңаарқа ауданы әкімінің орынбасары Марат Түйтебайұлы Әбдішевке жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі *Ғ. Омаров*  
Жаңаарқа ауданы әкімдігінің  
2013 жылғы 19 ақпандағы  
№ 09/01 қаулысымен  
бекітілген

**"Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге мұқтаж**

# **азаматтарды есепке қою және олардың кезегі" мемлекеттік қызмет көрсету регламенті**

## **1. Негізгі ұғымдар**

1. Осы "Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке қою және олардың кезегі" мемлекеттік қызмет көрсету регламентінде (бұдан әрі - Регламент) келесі негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) коммуналдық тұрғын үй қоры - жергілікті атқарушы органдардың басқаруындағы, тұрғын үйлерді пайдалануға беру бойынша арнайы мемлекеттік мекемеге бекітілген тұрғын үйлер;

2) мемлекеттік тұрғын үй қоры - меншік құқығында мемлекетке тиесілі және коммуналдық тұрғын үй қорындағы, мемлекеттік кәсіпорынның тұрғын үй қорындағы, сондай-ақ мемлекеттік мекеменің тұрғын үй қорындағы тұрғын үйлер;

3) мемлекеттік кәсіпорынның тұрғын үй қоры - мемлекеттік кәсіпорынның басқаруындағы тұрғын үйлер;

4) мемлекеттік мекеменің тұрғын үй қоры - тұрғын үйлерді пайдалануға беру бойынша арнайы мемлекеттік мекемелерді қоспағанда мемлекеттік мекемелердің басқаруындағы тұрғын үйлер.

## **2. Жалпы ережелер**

2. Мемлекеттік қызмет көрсету мекенжайлары осы Регламентке 1, 2-қосымшаларда көрсетілген "Жаңаарқа ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесімен (бұдан әрі - уәкілетті орган), сондай-ақ баламалы негізде халыққа қызмет көрсету орталығы (бұдан әрі - Орталық) арқылы немесе мемлекеттік қызметті алушыда электрондық-цифрлық қолтаңба (бұдан әрі - ЭЦҚ) болған жағдайда "Электрондық үкіметтің: [www.egov.kz](http://www.egov.kz)" веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы көрсетіледі.

3. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны ішінара автоматтандырылған.

4. Мемлекеттік қызмет "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 67, 68, 69, 71, 72 және 74-баптарының, "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңының 29-бабының және "Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге мұқтаж Қазақстан Республикасының азаматтарын есепке

кою қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 26 маусымдағы № 856 қаулысының негізінде көрсетіледі.

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі нысаны, кезегінің реттік нөмірін көрсетіп, есепке қою туралы хабарлама не негізді себептерді көрсетіп, есепке қоюдан бас тарту туралы дәлелді жауап беру (қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде) болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үйлер немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге мұқтаж Қазақстан Республикасының азаматтарына, Жаңаарқа ауданында (тұру мерзіміне қарамастан) тұрақты тұратын және:

1) Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларына;  
2) осы Регламенттің 7-тармағының 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9), 10), 11), 12) тармақшаларында көрсетілген, тұрғын үй беру туралы өтініш жасаудың алдында соңғы он екі ай ішінде жиынтық орташа айлық табысы отбасының әрбір мүшесіне республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінің 3,1 еселенген мөлшерінен төмен болатын, халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына көрсетіледі. Ең төменгі күнкөріс деңгейінің 3,1 еселенген мөлшеріндегі коэффициент жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға және мүгедек балаларға қолданылмады;

3) мемлекеттік қызметшілерге, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлеріне, әскери қызметшілерге, ғарышкерлерлікке кандидаттарға, ғарышкерлерге және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдарға;

4) жалғыз тұрғын үйі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен авариялық жағдайда деп танылған азаматтарға жататын Қазақстан Республикасының азаматтарына (бұдан әрі - мемлекеттік қызметті алушы) көрсетіледі.

7. Халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына:

1) Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушылары;  
2) Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларына теңестірілген адамдар;

3) 1 және 2-топтағы мүгедектер;

4) мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылар;

5) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 қарашадағы № 1309 "Кейбір созылмалы аурулардың ауыр нысандарының тізімін бекіту туралы" қаулысымен бекітілген аурулар тізімінде аталған кейбір созылмалы аурулардың ауыр түрлерімен ауыратын адамдар (бұдан әрі - кейбір созылмалы аурулардың ауыр түрлерінің тізімі);

6) жасы бойынша зейнеткерлер;

7) кәмелетке толғанға дейін ата-аналарынан айырылған жиырма тоғыз жасқа толмаған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар жатады. Мұндай тұлғалардың жасы әскери қызметке шақырылған кезде мерзімді әскери қызметтен өту мерзіміне ұзартылады;

8) о р а л м а н д а р ;

9) экологиялық зілзалалар, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан тұрғын үйінен айырылған адамдар;

10) көп балалы отбасылар;

11) мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерін, әскери қызметін атқару кезінде, ғарыш кеңістігіне ұшуға дайындық немесе оны жүзеге асыру, адам өмірін құтқару кезінде, құқық тәртібін қорғау кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) адамдардың отбасылары;

12) толық емес отбасылар жатады.

8. А д а м д а р , е г е р :

1) есепке қойған кезде және коммуналдық тұрғын үй қорынан немесе мемлекеттік кәсіпорынның тұрғын үй қорынан тұрғын үй берген кезде Қазақстан Республикасының аумағында меншік құқығында тұрғын үйі болмаса;

2) есепке қойған кезде және мемлекеттік мекеменің тұрғын үй қорынан тұрғын үй берген кезде Жаңаарқа ауданында меншік құқығында тұрғын үйі б о л м а с а ;

3) Жаңаарқа ауданында тұрақты пайдалануында коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үйі болмаса;

4) отбасы тұратын тұрғын үй белгіленген санитариялық және техникалық талаптарға сай келмесе;

5) жапсарлас, оқшауланбаған тұрғын үй-жайларда екі және одан да көп отбасы тұрып жатса;

6) отбасы құрамында кейбір созылмалы аурулардың ауыр түрлерімен ауыратын науқастар болып, бір үй-жайда (пәтерде) олармен бірге тұру мүмкін болмаса, мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге мұқтаж деп танылады.

### **3. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібіне қойылатын талаптар**

9. Мемлекеттік қызметті көрсету, мемлекеттік қызметтің көрсету барысы жөніндегі ақпаратты Орталықта осы Регламентке 2-қосымшада көрсетілген немесе уәкілетті органда алуға болады, олардың мекенжайы мен жұмыс кестесі осы Регламентке 1-қосымшада көрсетілген.

10. Мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзімі мемлекеттік қызметті алушы осы Регламенттің 15-тармағында анықталған қажетті құжаттарды тапсырған сәттен

б а с т а п :

1) уәкілетті органда не порталда - күнтізбелік отыз күн;

Орталықта - күнтізбелік отыз күн ішінде (мемлекеттік қызметті алу үшін құжаттарды қабылдаған күн мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді, бұл орайда уәкілетті орган мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталуға бір күн қалғанда мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін ұсынады);

2) Орталықта құжаттарды тапсырған немесе алған кезде кезек күтудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты 20 минуттан, уәкілетті органда 15 минуттан аспауы тиіс.

11. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартылатыны, егер азаматтың соңғы бес жылдың ішінде өз тұрғын үй жағдайларын қасақана нашарлатуы салдарынан мынадай жолдармен мұқтажға айналғаны:

1) тұрғын үй-жайын ауыстырғаны;

2) оның Қазақстан Республикасының сол немесе басқа елді мекенінде болуына қарамастан, оған меншік құқығымен тиесілі тұру үшін жарамды тұрғын үйді, жалғыз тұрғын үйі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған ұзақ мерзімді жеңілдікті тұрғын үй кредиттері бойынша сатып алынған кепіл беруші - Қазақстан Республикасы азаматы ипотекалық тұрғын үй қарызы бойынша міндеттемелерін орындауға қабілетсіз болған жағдайда жергілікті атқарушы орган тұрғын үйді сатып алғаннан басқа жағдайларда, иелігінен шығаруы;

3) тұрғын үйдің өз кінәсінен бұзылуы немесе бүлінуі;

4) тұрған кезінде оның мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге мұқтаж болмаған кезде тұрғын үйінен кетуі;

5) жұбайынан, кәмелетке толмаған және еңбекке жарамсыз балаларынан, сондай-ақ еңбекке жарамсыз ата-аналарынан басқа адамдарды тұрғызғаны анықталғанда.

Мемлекеттік қызметті алушы Регламентте бекітілген талаптарға сәйкес келмесе, мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үй беру үшін есепке қ о ю д а н б а с т а р т ы л а д ы .

12. Мемлекеттік қызметті алушы мемлекеттік қызмет алу үшін жүгінген сәттен бастап және мемлекеттік қызмет нәтижесін берген сәтке дейінгі мемлекеттік қызмет көрсету кезеңдері:

1) мемлекеттік қызметті алушы уәкілетті органға өтініш білдіреді немесе Орталыққа өтініш береді;

2) Орталық инспекторы өтінішті тіркеуден өткізеді және Орталықтың жинақтау секторының инспекторына береді;

3) Орталықтың жинақтау секторының инспекторы құжаттар тізілімін

жасайды және уәкілетті органға жолдайды;

4) Орындауға жауапты тұлға келген құжаттарды тексереді, қызмет көрсету нәтижесін ресімдейді, бас тарту туралы дәлелді жауапты не хабарламаны дайындайды, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін Орталыққа немесе мемлекеттік қызметті алушыға жолдайды;

5) Орталық инспекторы мемлекеттік қызметті алушыға хабарламаны не бас тарту туралы дәлелді жауапты береді.

13. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін мемлекеттік қызметті алушының құжаттарын қабылдау уәкілетті органның және Орталықтың жұмыс кестесі негізінде жұмыс күні ішінде бір тұлғамен жүзеге асырылады.

#### **4. Мемлекеттік қызметті көрсету үдерісіндегі іс-әрекеттер (өзара іс-қимылдар) тәртібінің сипаттамасы**

##### **14. Құжаттар қабылдау:**

1) уәкілетті органның кеңсесінде - заңды мекенжайы, телефоны, электрондық почтасының мекенжайы осы Регламенттің 1-қосымшада көрсетілген;

2) Орталықта "кедергісіз" қызмет көрсету арқылы "жалғыз терезе" қағидаты бойынша операциялық залда тікелей жүзеге асырылады;

3) порталға өтініш жасалған кезде электрондық сауалды жіберу мемлекеттік қызметті алушының "жеке кабинетінен" жүзеге асырылады. Сауал автоматты түрде таңдап алынған қызметке сәйкес уәкілетті органға - адресатқа жіберіледі.

15. Мемлекеттік қызметті алу үшін мемлекеттік қызметті алушы не оның сенімхат бойынша өкілі мынадай құжаттарды ұсынуы қажет:

1) уәкілетті органға немесе Орталыққа:

есепке қою туралы өтініш;

мемлекеттік қызметті алушы мен оның отбасы мүшелерінің жеке куәліктерінің не паспорттарының көшірмелерін;

некеге тұру (бұзу), отбасы мүшелерінің қайтыс болуы, балалардың тууы туралы куәліктерінің көшірмелерін;

аумақтық әділет органының анықтамасын (мемлекеттік қызметті алушыда және онымен тұрақты тұратын отбасы мүшелерінде осы меншік құқығында оларға тиесілі тұрғын үйдің бар немесе жоқ екендігі туралы);

жергілікті атқарушы органның анықтамасы (мемлекеттік қызметті алушыда және онымен тұрақты тұратын отбасы мүшелерінде осы елді мекенде коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үйдің бар немесе жоқтығы туралы);

азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі және түпнұсқасы (құжатты салыстыру үшін) немесе тиісті елді мекенде тұратынын растайтын мекенжай

б ю р о с ы н ы ң

а н ы қ т а м а с ы ;

басқа адамдарды мемлекеттік қызметті алушының отбасы мүшесі деп таныған жағдайда оларды мемлекеттік қызметті алушының отбасы мүшесі деп т а н у т у р а л ы с о т т ы ң ш е ш і м і ;

әлеуметтік жағынан осал топтарына жататын азаматтар қосымша мемлекеттік қызметті алушының (отбасының) әлеуметтік жағынан осал азаматтарға ж а т а т ы н ы н р а с т а й т ы н к ұ ж а т т ы ;

халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына жататын азаматтар (жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды және мүгедек балаларды қоспағанда) өтініш жасаудың алдында соңғы 12 ай ішінде отбасының әрбір мүшесіне шаққандағы жиынтық айлық табысы туралы анықтаманы;

мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер және мемлекеттік сайланбалы қызмет дәрежесіне жататын адамдар жұмыс орнынан (қызметтен) анықтаманы қосымша ұсынады. Ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлер Қазақстан Республикасының Үкіметімен берілген мәртебесін анықтайтын құжаттарын ұсынады;

жалғыз тұрғын үйі авариялық жағдайда деп танылған азаматтар осы фактіні растайтын анықтаманы қосымша ұсынады;

отбасы тұратын тұрғын үй белгіленген санитариялық және техникалық талаптарға сай келмеген немесе жапсарлас, оқшауланбаған тұрғын үй-жайларда екі және одан да көп отбасы тұрып жатқан немесе отбасы құрамында кейбір созылмалы аурулардың ауыр түрлерімен ауыратын науқастар болып, бір үй-жайда (пәтерде) олармен бірге тұру мүмкін болмаған жағдайда мемлекеттік қызметті алушылар тиісті уәкілетті органның анықтамасын қосымша ұсынады;

мемлекеттік электрондық ақпарат ресурстары болып табылатын құжаттардың мәліметтерін уәкілетті органның немесе орталықтың қызметкері уәкілетті тұлғаның ЭЦҚ-мен расталған электрондық құжат нысанындағы Ақпараттық жүйе орталығы арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

2 ) п о р т а л д а :

мемлекеттік қызметті алушының ЭЦҚ-мен расталған электрондық құжат н ы с а н ы н д а ғ ы с ұ р а у ы ;

осы Регламенттің 15-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген мәліметтер электрондық сұрауға сканерленген түрде қоса беріледі;

мемлекеттік электрондық ақпарат ресурстары болып табылатын құжаттардың мәліметтерін уәкілетті орган уәкілетті тұлғаның ЭЦҚ-мен расталған портал арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

16. Ақпараттық қауіпсіздік құжаттарына талаптар:

уәкілетті орган және Орталық мемлекеттік қызметті алушы құжаттарының мазмұны туралы ақпарат құпиялылығын, қорғауды және сақталуын қамтамасыз е т е д і .

17. Мемлекеттік қызметті көрсету барысында қатысатын құрылымдық-функционалдық бірліктер (әрі қарай - ҚФБ):

- 1) Орталықтың инспекторы;
- 2) Орталықтың жинақтау секторының инспекторы;
- 3) уәкілетті органның жауапты орындаушы;
- 4) уәкілетті органның басшысы.

18. Әрбір іс-әрекеттің орындау мерзімін көрсетумен әр ҚФБ-нің әкімшілік іс-әрекеттерінің (рәсімдер, функциялар, операциялар) дәйектілігінің кестелік сипаттамасы осы Регламентке 3-қосымшада көрсетілген.

19. Іс-әрекеттердің (мемлекеттік қызметті көрсету барысында) логикалық дәйектілігінің өзара байланысын көрсететін схемалар және ҚФБ-р осы Регламентке 4-қосымшада көрсетілген.

## **5. Мемлекеттік қызметті көрсететін лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі**

20. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін жауапты тұлға уәкілетті органның басшысы және Орталықтың басшысы (бұдан әрі - лауазымды тұлғалар) болып табылады.

Лауазымды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес белгіленген мерзімдерде мемлекеттік қызмет көрсетуді іске асыру үшін жауапты болады.

"Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке қою және олардың кезегі" мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне 1-қосымша

## **Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша уәкілетті органның мекенжайы және жұмыс кестесі**

Р/с №	Уәкілетті органның атауы	З а н д ы мекенжайы	Жұмыс кестесі	Байланыс телефоны	Электрондық мекенжай
1	"Жаңаарқа ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары	Жаңаарқа ауданы, Атасу кенті,	Күн сайын сағат 9.00 -ден сағат 18.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден сағат 14.00-ге дейін,	8 (71030) 2-83-85	Zhanaarka_jkh@inbox.ru



бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Тәуелсіздік даңғылы, 5	демалыс және мереке күндерінен басқа		
"Мемлекеттік үйге немесе жергілікті тұрғын есепке мемлекеттік регламентіне 2-қосымша	тұрғын жеке атқарушы үйге қою және қызмет	үй тұрғын ұй қорынан	қорынан үй қорынан	тұрғын қорынан жалдаған азаматтарды кезегі" көрсету

## Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша халыққа қызмет көрсету Орталығының мекенжайы және жұмыс кестесі

Р/с №	Орталықтың атауы	Орталықтың орналасқан мекенжайы	Басшының телефон нөмірі	Электронды мекенжай	Жұмыс кестесі
1	2	3	5	6	7
1	Қазақстан Республикасының көлік және коммуникация Министрлігінің мемлекеттік қызметтерді автоматтандыруды бақылау және халыққа қызмет көрсету орталықтырының қызметін үйлестіру комитетінің "Халыққа қызмет көрсету орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорыны Қарағанды облысы бойынша филиалының Жанаарқа ауданындағы бөлімі	Жанаарқа ауданы, Атасу кенті, Алькен Оспанов көшесі, 40	8 (71030) 2-61-60	Con_zhanaarka@mail.ru	Күн сайы дүйсенбіден с дейін сағат 9.( 20.00-ге деі түскі үзілс демалыс күнд сондай-ақ ме күндерінен ба

"Мемлекеттік үйге немесе жергілікті тұрғын есепке мемлекеттік регламентіне 3-қосымша

тұрғын жеке атқарушы үй қорынан

тұрғын ұй қорынан

қорынан үй қорынан жалдаған азаматтарды кезегі" көрсету

**Әрбір ҚФБ-нің әкімшілік іс-әрекеттері дәйектілігінің (рәсімдерінің, функцияларының, іс-әрекеттерінің) әрбір іс-әрекеттің орындалу мерзімі көрсетілген кестелік сипаттамасы**

1-кесте. ҚФБ іс-әрекеттердің сипаттамасы

## Негізгі үрдістің іс-әрекеттері (барысы, жұмыстар ағыны)

Іс-қимылдардың № (барысы, жұмыстар ағыны)	1	2	3	4	5	6
ҚФБ атауы	Орталықтың инспекторы	Орталықтың жинақтау секторының инспекторы	Орталықтың жинақтау секторының инспекторы	Уәкілетті органның жауапты орындаушысы	Уәкілетті органның жауапты орындаушысы	Уәкілетті органның басшысы
Іс-әрекеттердің (үрдістің, рәсімнің, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы	Құжаттарды қабылдау	Журналға қол қояды және құжаттарды жинайды	Тізілім құрады және құжаттарды жолдайды	Орталықтан құжаттарды қабылдау	Құжаттардың толықтығын және Қазақстан Республикасы заңнама талаптарына сәйкестігін тексеруді жүзеге асыру	Хат-хаб танысу
Аяқталу нысаны ( деректер, құжат, ұйымдастыру-өкімшілік шешім)	Журналда тіркеу және қолхат беру	Орталықтың жинақтаушы секторында құжаттарды жинау	Уәкілетті органға құжаттарды жолдау	Қолхат беру	Хабарламаны не бас тарту туралы дәлелді жауапты дайындау. Хабарламаны не бас тарту туралы дәлелді жауапты уәкілетті орган басшылығына беру	Құжатқа қою
Орындалу мерзімдері	20 минут	1 жұмыс күнінде 3 рет	1 жұмыс күнінде 2 реттен кем емес	1 сағат	25 күнтізбелік күн ішінде	1 жұмыс күнінде
Келесі іс-әрекеттің нөмірі	2	3	4	5	6	7
Іс-қимылдардың № (барысы, жұмыстар ағыны)	7			8		
ҚФБ атауы	Уәкілетті органның жауапты орындаушысы			Орталық инспекторы		
Іс-әрекеттердің (үрдістің, рәсімнің, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы	Хабарламаны не бас тарту туралы дәлелді жауапты уәкілетті орган кенсесінде Орталыққа беру үшін тіркеу			Кезегінің реттік нөмірін көрсетіп, е-қою туралы хабарламаны не не себептерді көрсетіп, есепке қоюда тарту туралы дәлелді жауап мемлекеттік қызметті алушыға беру		
Аяқталу нысаны ( деректер, құжат, ұйымдастыру-өкімшілік шешім)				Кезегінің реттік нөмірін көрсетіп, е-қою туралы хабарламаны не не себептерді көрсетіп, есепке қоюда тарту туралы дәлелді жауап		

	Хабарламаны не бас тарту туралы дәлелді жауапты Орталыққа беру туралы қолхат	мемлекеттік қызметті алушыға ( туралы қолхат
Орындалу мерзімдері	1 жұмыс күн ішінде	1 жұмыс күн ішінде
Келесі іс-қимылдың нөмірі	9	

## 2-кесте. Пайдалану нұсқа. Негізгі үрдеріс

ҚФБ 1-тобы Орталық инспекторы	ҚФБ 2-тобы Уәкілетті органның жауапты орындаушысы	ҚФБ 3-тобы Уәкілетті органның басшылығы
№ 1 іс-әрекет. Құжаттарды қабылдау, қолхат беру, өтінішті тіркеу, уәкілетті органға құжаттарды жолдау	№ 2 іс-әрекет. Орталықтан өтінішті қабылдау, қолхат беру	
	№ 3 іс-әрекет. Құжаттардың толықтығын және Қазақстан Республикасы заңнама талаптарына сәйкестігін тексеруді жүзеге асыру	
	№ 4 іс-әрекет. Хабарламаны дайындау	
	№ 5 іс-әрекет. Хабарламаны уәкілетті орган басшылығына беру	№ 6 іс-әрекет. Хат-хабармен танысу, құжатқа қо.
	№ 7 іс-әрекет Хабарламаны уәкілетті орган кеңсесінде Орталыққа және мемлекеттік қызметті алушыға беру үшін тіркеу	
	№ 8 іс-әрекет Кезегінің реттік нөмірін көрсетіп, есепке қою туралы хабарламаны мемлекеттік қызметті алушыға беру	

## 3-кесте. Пайдалану нұсқасы. Баламалы үрдеріс

ҚФБ 1-тобы Орталық инспекторы	ҚФБ 2-тобы Уәкілетті органның жауапты орындаушысы	ҚФБ 3-тобы Уәкілетті органның басшылығы
№ 1 іс-әрекет. Құжаттарды қабылдау, қолхат беру, өтінішті тіркеу, уәкілетті органға құжаттарды жолдау	№ 2 іс-әрекет. Орталықтан өтінішті қабылдау, қолхат беру	
	№ 3 іс-әрекет. Құжаттардың толықтығын және Қазақстан Республикасы заңнама талаптарына сәйкестігін тексеруді жүзеге асыру	
	№ 4 іс-әрекет. Бас тарту туралы дәлелді жауапты дайындау	
	№ 5 іс-әрекет. Бас тарту туралы дәлелді жауапты уәкілетті орган басшылығына беру	№ 6 іс-әрекет. Хат-хабармен танысу, құжатқа қол қо

	№ 7 іс-әрекет. Бас тарту туралы дәлелді жауапты уәкілетті орган кеңсесінде Орталыққа және мемлекеттік қызметті алушыға беру үшін тіркеу	
	№ 8 іс-әрекет. Негізді себептерді көрсетіп, есепке қоюдан бас тарту туралы дәлелді жауапты мемлекеттік қызметті алушыға беру	
№ 9 іс-әрекет. Есепке қою туралы жазбаша жауапты есепке қою күні мен нөмірін көрсете отырып беру		

"Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке қою және олардың кезегі" мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне 4-қосымша

**Әкімшілік іс-әрекеттерінің логикалық дәйектілігі арасындағы өзара байланысты көрсететін схемалар**

